

***№81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназиясы  
мектепалды даярлық сыныптарында жүргізілетін жұмыстар***

№81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназиясы мектепалды даярлық сыныбы балаларын тәрбиелеу мен оқыту, дамытудың нәтижесімен көрсеткіштері жайлы. Негізгі мақсат, міндет бала бойына маңызды шешуші құзіреттіліктерді қалыптастыру, танымдық, тәжірбиелік, шығармашылықпен баланың іс-әрекетінің басқа түрлерін қалыптастыру, адамгершілік құндылықтарды арттыру, баланың толыққанды дамуы үшін салауатты өмір салтын қалыптастыру, әр баланың интеллектуалды шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленді.

[КТП 2021-2022](#)

[КТП 2022-2023](#)

Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-

әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Мониторинг педагогтің балалардың түрлі жас кезеңдерінде Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді. Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтің жету деңгейін бақылау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету болып табылады

[Диагностика, диагр, даму акрт 2021-2022](#)

[Диагностика, диагр, даму акрт 2022-2023](#)

Бағдарлама бес білім беру дағдысы бойынша базалық мазмұнын қамтиды.

1. Денсаулық дағдысы
2. Қатынас дағдысы
3. Таным дағдысы
4. Шығармашылық дағды
5. Әлеуметтік дығды

Әр жыл сайын мектепалды даярлық сыныптарының барлық іс әрекеттері преспективті жоспары бекітіліп беріледі. Ішкі стандарт бойынша жұмыс нәтижесі қолға алынады. Тәрбиешілер өздеріне бекітіліп берілген жұмыстармен танысады. Мектепалды сыныптары оқу жылында осы жоспар арқылы іс әрекеттер қолға алынып жатыр. Балалардың мінез құлық дағдылары қалыпты өз достарымен, ересектермен қарым-қатынастарын жақсарту мақсатында тәрбие жұмыстары жүргізіледі.

Білім беру дағдылары бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспарланып беріледі.

**"Қатынас"** білім дағдысында байланыстырып сөйлеуін, грамматикалық сөйлеу мәдениетін, мазмұнды диалог пен монолог құра білу іскерлігін, сауат ашу мен дыбыстық құрамды меңгеру мақсатында тіл дамыту және сауат ашу бойынша ұйымдастырылған оқу әс-әрекетіне жасалған зерттеу хаттамасына

сәйкес балалардың білім деңгейі жыл басында дауысты дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөзге дыбыстық талдау жасау, көп мағыналы сөздерді жалпылаушы сөздерді орнымен қолдануды меңгереді.

Балалар көркем әдебиет базалық мазмұнын меңгере отырып өлеңдерді жатқа айту, ертегілерді ажырата білуге, кейіпкерлердің жағымды-жағымсыз дауыс ырғақтарын салуға, ертегіні зейін қоя тыңдауға толық абілетті. Балалардың білім деңгейі жыл басында, балалар жыл мезгілдерін, ай аттарын, ертегіні ролдерге бөліп ойнауды өз деңгейлерінде меңгереді.

**"Қоршаған ортамен таныстыру"** бойынша ұйымдастырылған іс әрекетіне жасалған зерттеу хаттамасына сәйкес балалардың жыл басындағы білім деңгейі орташа. Балалар айналадағы өзін қоршап тұрған ортаны танып, атап беруге, құстармен жануарлардың, тірі және өлі табиғат, қала мен ауыл өмірі туралы ажыратып беруге, құрдастарымен тату-тәтті ойнауға, ойыншығын бөлісуге, жыл мезгілдерін ажырата алуға, апта күндерін атап беруге, сонымен қатар қимыл-қозғалыс ойындарын түсініп, ұйымшылдықпен ойлануға қалыптасқан. Балалар үй жануарларын, төлдерін оларды қалай шақыру керектігін, олардың қалай дыбыстайтынын, қала мен ауыл ерекшеліктерін, мамандық түрлерін, олардың құрал-жабдықтарын толық меңгере отырып, өз жас ерекшеліктеріне сай, ойындарды, ұлттық ойындарды түсініп, ұйымшылдықпен ойнауға қалыптасады.

**"Шығармашылық"** білім беру дағдысы баланың эстетикалық қатынасын қалыптастыру, шығармашылығы мен әрекеттерін біріктіріу арқылы балалардың көркемдік қабілеттерін арттыру, қиялдау қабілеттерін дамыту мақсатында сурет, мүсіндеу, жапсыру бойынша жылдың басында балалардың биылғы жылы қайшымен жұмыс деңгейі қалыптасқан. Өз беттерімен берілген тапсырманы қайшыны пайдалана отырып орындай алады.

**"Таным"** білім дағдысын айқындайтын қарапайым математика ұғымдарын ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне зерттеу хаттамасына сәйкес білім деңгейі оқу жылының басында орташа. Балалар қарапайым математикалық ұғымды танып білу кеңістіктерді бағдарлау, геометриялық пішіндерді айыра білу, түстерді тануы, заттарды топтастыру, жоғары - төмен, алыс-жақын, баяу-жылдам ұғымдарын және өздеріне берілген тапсырмаларды тиянақты орындауды толық меңгерді. Сандарды ретімен санау, цифрды тану, заттарды салыстыра отырып көп-аз екенін анықтау, сандарды алдыңғы, артқы көршілерін тани отырып, жоқ санды тауып орнына қоюды үйренеді. Оң- солдарын танып, сандарға арналған санамақтарды жатқа айтады.

Мектептегі мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің бірінші немесе екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес

кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады. Циклограмма тәрбиеленушілердің мектепалды даярлық сыныбында болу уақытына жасалады. Мектепалды сыныптарда таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі жаттығу, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперимент жасау, дербес және т. б.), серуендеу, жеке жұмыс, сондай-ақ Үлгілік оқу жоспарына сәйкес кесте бойынша мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күнібойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады, ұйымдастырылған іс-әрекет өткізіледі.

[Циклограма 2021-2022](#)

[Циклограма 2022-2023](#)

Жоспарлаудың тиімділігі көбінесе өткен жылдағы жоспардың орындалуын сапалы талдауға байланысты, оның негізінде алдағы жылға арналған міндеттер анықталады. Жоспар бөлімдері бойынша құрылымның нақты болуы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін талдауға қойылатын негізгі талаптар болып табылады: - денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету, сауықтыру жұмысын ұйымдастыру, шынықтыру, рационалды тамақтануды ұйымдастыру, жаңадан келген балалардың бейімделу нәтижелерін қысқаша ұсыну қажет. Әрі қарай жалпы тұжырымдар беріледі; - мектепалды сыныбының балаларының мектепте оқуға дайындық деңгейі талданады (Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мектепалды сынып балаларының қорытынды мониторингі. Әрі қарай, осы бөлім бойынша жалпы қорытындылар; - педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері, оларды аттестаттау және біліктілігін арттыру; келесі жылға педагогтердің әдістемелік көмекке өтінімдері (сауалнамаларды талдау, бақылау нәтижелері бойынша); МДҰ-дағы әдістемелік жұмыс жүйелері талданды. Тәрбиелеу-білім беру процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі, инновациялық әрекет, эксперимент әрекеті бойынша нәтижелер талданды; - тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс (ата-аналардың сауалнамасының нәтижелері бойынша); мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектептің бірлескен жұмыс жоспарларының орындалуы; басқа ұйымдармен жұмыс нәтижелері талданды. Жалпы тұжырымдар; әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары талданды және балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуының материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайлары бағаланды.

**Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар**

p/c №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 % 95 - 99 % 80 - 94 % 80 %-дан төмен	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 % 95 - 99 % 80 - 94 % 80 %-дан төмен	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 % 95 - 99 % 80 - 94 % 80 %-дан төмен	5
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жаратандырылуы	100 % 95 - 99 % 80 - 94 % 80 %-дан төмен	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым	100 %	5

	министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне	

		канағаттанған	
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 %-дан 100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне канағаттанған	5
		65%-дан 79 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне канағаттанған	
		50 %-дан 64 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне канағаттанған	
		50 % -дан кем респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне канағаттанған	

Білім беру ұйымының басшысы



Г. Д. Садькова

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (колы))